


№ 000016 05.02.2025 ж


Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері**НУРАЛИЕВА РОЗА МАХАНБЕТОВНА***Жамбыл облысы, Жуалы ауданы**№19 Д. Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы**Химия-биология пәні мұғалімі*

Бөлім:		8.3АХимиялық элементтердің периодтық жүйесі
Педагогтің аты-жөні:		
Күн:	Сыныбы : 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.2.1.5 -химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 -химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру	
Сабақтың мақсаты:	химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру;	
Құндылықтар	Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық Заң және тәртіп: құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну; қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу;	

Сабақ барысы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
--------------	--------------------	------------------	---------	-----------

Сабақтың басы 3 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі: «Комплимент айту» әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатады. «Колба түсі» бойынша топқа бірігуге нұсқау береді.	«Комплимент айту» тәсілі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады . «Колба түсі» бойынша топтарға бірігеді.	Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады.	Түрлі түсті стикерлер
7мин	II Ұй тапсырмасы «Фри» тәсілі арқылы сұрақ қояды, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. Сұрақтар: 3 элементке сипаттама бер 13 элементке сипаттама бер 9 элементке сипаттама бер 26 элементке сипаттама бар 15 элементке сипаттама бер 80 элементке сипаттама бер 33 элементке сипаттама бер «Кинометафора» тәсілі арқылы сұрақтар қою отырып жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды. Сілтілік металдар https://youtu.be/E3IdJKpgiUM	Оқушылар «Фри» тәсілі арқылы жауап береді., өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Кинометафора» тәсілі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды	Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады. «Жарайсың!» «Тамаша жауап»т.б	Экран
15 мин	IV Жаңа сабақ Мұғалім оқушыларға оқулықтан тапсырма береді.	Оқушылар мұғалімнің түсіндіруін тыңдап , берілген нұсқау бойынша топта жұмыс жасайды.	Кері байланыс: «Бутерброд» тәсілі арқылы	А4 парағы Маркер Химия

	1-топ «Сілтілік металдар» 2-топ «Галогендер» 2-топ «Инертті газдар» туралы талдайды. Мұғалім оқушылардың жазған ақпараттарын бірге талқылайды. толықтырады	1-топ «Сілтілік металдар» 2-топ «Галогендер» 2-топ «Инертті газдар» туралы талдайды, қалаған форматта қорғайды	бағалайды	8-сынып Жұмыс парағы
15мин	Сабақты бекіту тапсырмалары. 1-тапсырма Бос торлы периодтық кестеде бағдаршалар мен сандар реті берілген. (а) Бағдаршалар көрсетіп тұрған химиялық элементтердің таңбаларын жазыңыз.  (б) Бұл элементтер химиялық элементтердің қандай табиғи ұяластарына жататынын анықтаңыз. 1 -элемент – 2 - элемент – 3- элемент – (с) Осы табиғи ұяластарға тағы екі элементтен мысал келтіріңіз. (d) Табиғи ұяластардың әрқайсысына тән жалпы екі қасиетті сипаттаңыз.	Химиялық элементтерді периодтық кестеде орналасуына қарай табиғи ұяластарға жіктейді. Химиялық элементтердің табиғи ұяластарына жататын элементтерге мысал келтіреді. Химиялық элементтердің табиғи ұяластарына тән жалпы қасиетті жазады .	Дескриптор химиялық элементтерді периодтық кестеде орналасуын а қарай табиғи ұяластарға жіктейді; – химиялық элементтердің табиғи ұяластарын а жататын элементтерге мысал келтіреді; – химиялық элементтердің табиғи ұяластарын а тән жалпы қасиетті жазады Жалпы балл-4	Оқулық Химия 8-сынып Тапсырма жазылған парақта

	2-тапсырма (барлығына және ЕБК) Берілген элементтерді табиғи ұяластары бойынша топтастырыңдар. <table><tr><td colspan="4">Элементтер</td></tr><tr><td colspan="4">1.Натрий 2.Бром 3.Неон 4.Литий 5.Фтор 6.Калий 7.Гелий 8.Хлор 9.Аргон 10. Цезий</td></tr></table> <table><tr><td>Сілтілік металдар</td><td>Галогендер</td><td>Инерт газдар</td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>	Элементтер				1.Натрий 2.Бром 3.Неон 4.Литий 5.Фтор 6.Калий 7.Гелий 8.Хлор 9.Аргон 10. Цезий				Сілтілік металдар	Галогендер	Инерт газдар						Берілген элементтерді табиғи ұяластары бойынша топтастырады.	Дескриптор : берілген элементтерді табиғи ұяластары бойынша топтастырады; Жалпы балл-3	
Элементтер																				
1.Натрий 2.Бром 3.Неон 4.Литий 5.Фтор 6.Калий 7.Гелий 8.Хлор 9.Аргон 10. Цезий																				
Сілтілік металдар	Галогендер	Инерт газдар																		
	3 –тапсырма Жұптық жұмыс Қосылыстардың молекулалық формуласын құрастырыңдар және молекулалық массасын есептеңдер А.Алюминий хлориді В.Калий бромиді С.Хлорсутек Д.Фторсутек Е.Натрий оксиді М. Калий иодиді 4-тапсырма Цифрлық платформада тапсырма ұсынады. Периодтық жүйе	Қосылыстардың молекулалық формуласын құрастырады. Молекулалық массасын есептейді. Цифрлық платформада тапсырма орындайды.	Дескриптор : қосылыстардың молекулалық формуласын құрастырады; молекулалық массасын есептейді; Жалпы балл-3 Мадақтау																	
Сабақтың соңы 4 мин	Кері байланыс « Білім шамы» тәсіл арқылы кері байланыс жасауды ұсынады Үй тапсырмасы §.33 оқу	Қатысушылар «Білім шамы» тәсіл арқылы кері байланыс жасайды	Кері байланыс: «Білім шамы» тәсілі арқылы																	

Сабақтың соңы
4 мин

Үй тапсырмасы §.33 оқу

№ 000017 05.02.2025 ж


Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу**УАЛИЕВА ГАУХАР ЖАМБЫЛОВНА**


*Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,
№19 Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы.
Химия-Биология пәнінің мұғалімі*

Бөлім:		
Педагогтің аты-жөні:		
Күн:	Сыныбы : 9	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Хлорсутек қышқылы. №10 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.2.1.10-хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану аясын білу	
Сабақтың мақсаты:	хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу; хлорсутек қышқылының қолдану аясын білу;	
Құндылықтар	Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық Заң және тәртіп: құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну; қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу;	

Сабақ кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгендеу. «Кубик» әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатады « Колба түстері » бойынша топқа бірігуді ұсынады	« Кубик» әдісі бойынша жағымды психологиялы қ ахуал орнатады « Колба түстері»	Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады.	Қағаз қиындылар ы Оқулық Химия 9-сынып

	Цифрлық платформа арқылы үй тапсырмасын сұралады Хлор https://wordwall.net/ar/resource/66635782 «Миға шабуыл» тәсілі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды.	бойынша топқа бірігеді Цифрлық платформа арқылы өткен тақырып бойынша білімдерін өзектендіреді. «Миға шабуыл» тәсілі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды.		
Сабақ ортасы 15 мин	Жаңа сабақ. Тақырып бойынша қысқаша ақпарат береді. Оқулықтан талдайтын тапсырманы бөліп береді, топтық жұмыс ұйымдастырады 1-топ «Хлорсутектің физикалық қасиеті» 2-топ «Хлорсутектің химиялық қасиеті» 3-топ «Тұз қышқылының тұздары» 4-топ «Тұз қышқылы және хлоридтердің қолданылуы» туралы оқулықтағы ақпаратты оқып, танысып, топта талдап, өздері қалаған форматта қорғауды ұсынады. №10 зертханалық	Оқушылар мұғалімнің түсіндіруін тыңдайды. Топтық жұмыс орындайды. Оқулықтан ақпаратты оқып, танысады, топта талдайды, өздері қалаған форматта қорғайды. №10 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін	Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады	Экран Оқулық Химия 9-сынып А4 парағы Маркер флипчарт

	тәжірибе «Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу» Косымша-1	зерттеу» Косымша-1 зертханалық жұмыс орындайды		
15	Сабақты бекіту тапсырмалары 1-тапсырма «Кім жылдам?» тәсілі Тұз қышқылымен а) магний в) кальций оксиді, с) алюминий гидроксиді, д) қорғасын нитратының әрекеттесуінің молекулалық және иондық қысқартылған теңдеуін жазындар 2-тапсырма «Ойлан тап!» тәсілі Айналымды жүзеге асыратын реакция теңдеуін құрастыр  3-тапсырма 1-есеп Құрамында 100 г NaOH бар ерітіндіні бейтараптауға қажетті 15%-дық HCL ерітіндісінің массасын есептеңдер 2-есеп Көлемі 72.4 л (қ.ж) хлорсутек алуға қажетті	Тұз қышқылымен магний кальций оксиді, алюминий гидроксиді, қорғасын нитратының әрекеттесуінің молекулалық және иондық қысқартылған теңдеуін жазады. Айналымды жүзеге асыратын реакция теңдеуін құрастырады. Тұз қышқылы ерітіндісінің массасын есептейді. Сутек пен хлордың көлемдерін есептейді.	Дескриптор: берілген қосылыстардың молекулалық теңдеуін жазады; берілген қосылыстардың иондық қысқартылған теңдеуін жазады; Жалпы балл-2 (әр теңдеу үшін) Дескриптор : айналымды жүзеге асыратын реакция теңдеуін құрастырады; Жалпы балл-4 Дескриптор: тұз қышқылы ерітіндісінің массасын есептейді; сутек пен хлордың көлемдерін есептейді;	Тапсырма жазылған парақтар

	сутек пен хлордың көлемдерін (қ.ж)есептеңдер		Жалпы балл-2 (әр есеп үшін)	
Сабактың соңы 4 минут	Кері байланыс « Білім шамы» тәсіл арқылы кері байланыс жасауды ұсынады	Қатысушылар «Білім шамы» тәсіл арқылы кері байланыс жасайды	Кері байланыс: «Білім шамы» тәсілі арқылы	
1мин	Үй тапсырмасы: § 30			

Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тілін ойын арқылы оқыту

БОРАНБАЕВА ГУЛЬЗАТ ДЖУМАТАЕВНА

*Қарағанды қаласы
№8 ЖББМ жанындағы шағын орталық
қазақ тілі маманы*

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек.

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «**Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады**».

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.

Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

1. Өзінше ноян,
Қорқақ кім? (қоян)
2. Тұмсығымен шымшып,
Құрт тереді ... (шымшық)
3. Бата алмас түлкі,
Үсті тікен (кірпі)
4. Өңеші кең таңдайын,
Дөңге тосты ... (комбайын)

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Ребустар шешудің баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр сабақ сайын жүйелі пайдалану керек. Сабақта балаларға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады. Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек.

Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күнілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.

Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек. Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

МУСАЕВА ДИНАРА МЕЙРАМОВНА

Қарағанды қаласы

№66 мектеп-лицейі

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әртүрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар.

Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болуының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөлуге болады:

- білім алушылардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін тереңірек есепке алу және пайдалану қажеттілігі;

- тиімділігі төмен ауызша сөзді ауыстырудың шұғыл қажеттілігін түсіну

- жүйелі-әрекеттік тәсілмен білім берудің (ауызша) тәсілі;

- кепілдендірілген оқу нәтижелерін қамтамасыз ететін оқу процесін, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық формаларын жобалау мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта “педагогикалық технология” ұғымы әртүрлі түсіндіріледі.

Көп тараған анықтама В.П. Беспалько ұсынған: ол педагогикалық технология оқу мен тәрбие процестерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология қол жеткен жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды. Бірақ бұл анықтамадағы көрсетілген бір-бірімен тәуелсіз және дербес өмір сүруін оқыту және тәрбие процестері болады деген оймен келісу қиын. Тұлға дегеніміз тұтастай тұратын құрылым, және ол біртұтас педагогикалық процеспен байланысты. (Ильин В.С.), демек педагогикалық технологияда осы педагогикалық процестің басты белгісіне сәйкес болуы керек.

Педагогикалық технологияда берілген басқа да анықтама бар, ол: оқыту процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникада (В.П. Беспалько), педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі), оқыту процесін ұйымдастырумен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс-әрекетінің моделі (В.М. Монахов), барлық сабақ беру процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі

техникалық және адам және олардың өзара әрекеттерін ескеру (ЮНЕСКО), мазмұнын қорытындылау (Г.К.Селевко). В.Н.Бордовская мен А.А. Реанның көрсетуінше білім беру технологиялары дегеніміз бұл білім беру процесіндегі ұстаздар мен оқушылардың жүйелілік іс-әрекеттеріне, ол мақсат мазмұн әдістерді ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақталы идея негізінде болады.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

—әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;

—мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;

—технологиялыққұрал-саймандар мен жұмыс істеуге үйрету;

—технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;

—оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді.

Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы оқушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді.

Педагогикалық технологиялар білім мазмұнын саралауды, жеке бағдарлауды, оның белсенділік сипатын, оқу, танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға, оқушылардың осы іс-әрекеттің тәжірибесін алуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырады оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету.

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды.

Мұғалім ең алдымен оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысу керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге аппаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен

байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек.

Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек.

Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет.

Жиырма бірінші ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүруге жақсылап дайындау білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез-келген маман үшін кезек күттірмейтін мәселе.

Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет.

Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, олардың білім деңгейі көтеріліп, сөйлеу мәдениеті қалыптастасады.

Мұғалімдер оқытудың диалогтік әдістерін енгізуге арналған тәсілдерді тиімді педагогиканың бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы, жауап алу және топпен жұмыс жасау арқылы. Тиімді педагогиканың басты тәсілі - әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыру. Мұғалімнің міндеті барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады.

Әңгімелесу мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Диалогтік әдістерді қолдану саласындағы теориялық білім, оларды жауап алу, шағын топтардағы жұмыс сияқты түрлерде қолдану балалардың білімін жақсартуына мүмкіндік береді.

Оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Егер де оқушылар көп оқыған, көп білетін адамдар мен және бұл рөлдер де сыныптастарымен мұғалімдері, достары, ата-аналарымен диалог жүргізуге мүмкіндік жасап, сұхбаттасып отырған жағдайларда білім беру жеңілдірек болмақ.

Қазіргі кездің өзінде оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда әкелетініне көптеген дәлелдер бар.

Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді, әртүрлі пікірлерді оқушылардың түсінуіне көмектеседі, оқушылардың өз ойларын, ұсыныстарын, көзқарастарын дәлелдеуіне көмектеседі.

Мұғалім жағынан білім беру барысында сұрақ қою арқылы оқушылардың білім деңгейін түсінуге мүмкіндік туады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар.

1. әңгіме-дебат 2. топтық әңгіме 3. зерттеушілік әңгіме

Осылардың ішінен мен сабағымда жиі қолданылатыным топтық әңгіме және зерттеушілік әңгіме. Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде оларды өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан.

Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Мысалы, мәтіндерді оқып олардың негізгі идеясын анықтауда өзара кеңесіп, талдап, талқылап ортақ шешімге келіп, түсіндірді. Кластерге түсіріп, тақырыптарын қорғады.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтың екі түрі бар: төмен дәрежелі сұрақ қою және жоғары дәрежелі сұрақ қою болып табылады.

Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес құр, іс қажет және түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқушылардың білім деңгейіне қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақтар түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сұрақтары болуы мүмкін.

Түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзету үшін қажет. Сұрақты қарапайым етіп қою өткен тақырыпқа оралу ойға салу, дұрысын қабылдап және толық жауап беруге жол сілтейді. Сынақтан өткізу сұрақтары оқушыларға толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз ойын дамытуға көмектесетіндей болып құрылады.

Қайта бағыттау сұрақтары басқа оқушыларға сұрақты қайта бағыттау.

Сабақта диалогты оқыту оқушыларды тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталандырады, қызығушылығын анықтайды, білімге деген құштарлығын дамытады, зерттеуге жол ашады, сыни тұрғыдан ойлауға көмек береді, бірін бірін тыңдауға, пікірлерін құрметтеуге, бағалауға, ойларын жинақтауға, саралап қорытындылауға мүмкіндік болады.

Басында қойылатын сұрақтар ғана емес, сонымен оқушылардың жауаптарымен мұқият танысқаннан кейін туындайтын сұрақтың да маңызы зор. Диалогты әңгімеде мұғалім сұрақтары және оларға берілген жауаптар ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сұрақтары да маңызды.

Тіл үйренуші үшін диалогтың маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін диалогты әр түрлі жағдаятта ұйымдастыру керек. Әсіресе, жұп пен жұптың, топ пентоптың арасындағы диалогтарды енгізген ұтымды. Оқушылар тілдесу арқылы ой бөліседі, жөн сұрасады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын әдістердің бір түрі топтық жұмыс болып табылады.

Бала алдымен тапсырманы жеке орындайды, содан соң жұпта, топта талқылайды. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері дамиды, өз ойларын толық жеткізуге машықтанаады, сөздік қорлары молаяды.

Мұғалім баланың алған білімі жөнінде тереңірек мәлімет ала алады. Диалогтік әдісті жұппен жүргізген тиімдірек пе деп ойлаймын. Жақсы оқитын оқушылар мен нашар оқитын оқушылар бір жұпта жұмыс жасауда нашар оқитын оқушылар жақсы жауап береді. Оқушылар бір-бірін білім алуға жетелейді. Жұппен талдау жасап болғаннан кейін оқушылар өз түсінгендерін топпен талқылап, өз дәлелдерімен пікір алмасады.

Бұл оқушылардың өзара топтық әңгіме арқылы ой-пікірлерін қалыптастырып, сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Сабақ барысында оқушыларға әр түрлі мазмұндағы сұрақтар қоюға тырыстым. Әсіресе сұрақтардың оқушы ойлауын дамыту мақсатында қойылуына ерекше назар аударамын. Бұл әдісті сабақтың кезеңдерінің барлығынан көруге болады.

Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын СТО модулінің «Ой қозғау» әдісі бойынша сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты ашуда, бекіту кезеңінде «Блиц» турнир өткізіп, рөлдік ойындар кезінде, бағалау, рефлексия өткізуде сұрақ-жауап әдісі қолданылады.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі. -оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

«Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» К.Д.Ушинский сөзін ескере отырып, диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім. Бұл әдіс мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек.

Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындау мүмкін сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Күнделікті жұмыс нәтижесінде, сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптасып, білімге құштарлықтары артты, әр күнгі өткізілетін сабақтар балалардың көңіл күйлеріне оң әсерін берді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жетудің маңыздылығын сезінді.

ОБУЧЕНИЕ ОРИЕНТИРОВАННОЕ НА ЦЕННОСТИ

ШАХАТОВА АСИЯ АМАНТАЕВНА

Г Караганда КГУ ОСШ №64

Заместитель директора по воспитательной работе

Уважаемые коллеги, уважаемые гости и участники конференции, я рада приветствовать вас на мероприятии, посвященном одной из важнейших тем современности — современному образованию и его ориентации на ценности.

В современном обществе образование играет ключевую роль в формировании будущего поколения. Однако, изменяющиеся ценности и требования общества также вносят свои коррективы в систему образования. Сегодня я хочу обратить ваше внимание на то, как современное образование становится более ценностно-ориентированным.

Формирование будущего поколения является многогранным процессом, в котором различные структуры и факторы играют ключевые роли.

Учебные заведения и учебные программы оказывают значительное влияние на формирование мировоззрения, ценностей и знаний.

Семьи являются первым и наиболее значимым окружением для детей. Здесь они усваивают базовые ценности, развивают мораль и социальные навыки. Поддержка семьи в образовательном процессе и в развитии личности ребенка имеет важное значение.

Цифровые технологии: Технологии формируют не только профессиональные навыки, но и влияют на образ мышления, общение и восприятие мира. Нормы и ценности общества оказывают влияние на формирование мировоззрения и социальных убеждений молодого поколения. Проблемы экологии формируют экологическое сознание у подрастающего поколения, определяя их отношение к окружающей среде. Каждый из этих факторов взаимодействует, создавая уникальное окружение для формирования будущего поколения. Осознание важности каждой из этих ролей позволяет эффективнее воздействовать на процессы воспитания и образования.

Одним из основных принципов современного образования является индивидуализация обучения. Этот подход позволяет учителям более точно выявлять индивидуальные потребности и таланты каждого ученика, что в свою очередь способствует формированию личных ценностей и интересов.

Индивидуализация обучения является одним из ключевых принципов современной образовательной практики.

Этот принцип предполагает адаптацию учебного процесса к индивидуальным потребностям и способностям каждого ученика.

Вот несколько аспектов, которые характеризуют индивидуализацию обучения:

Учет индивидуальных особенностей:

Учителя стремятся понимать уникальные характеристики каждого ученика, такие как темп обучения, стиль обучения, интересы и уровень подготовки.

Дифференциация задач и материалов:

Преподаватели адаптируют учебные материалы и задания, чтобы соответствовать уровню сложности и возможностям каждого учащегося.

Использование технологий:

Современные технологии позволяют создавать персонализированные образовательные программы, обеспечивая ученикам доступ к контенту, соответствующему их индивидуальным потребностям.

Индивидуальные планы обучения:

Разработка индивидуальных образовательных планов (ИОП) для учеников с особыми образовательными потребностями, а также для тех, кто выделяется своими талантами.

Самостоятельная работа и выбор:

Стимулирование самостоятельной работы учеников и предоставление им возможности выбора предметов и направлений обучения.

Формативная оценка:

Оценивание, направленное на непрерывное измерение прогресса учеников, позволяет адаптировать обучение в реальном времени.

Сотрудничество с родителями:

Включение родителей в образовательный процесс и совместная работа над индивидуальными потребностями ученика.

Индивидуализация обучения направлена на создание более эффективной, адаптированной и мотивирующей среды для каждого ученика, учитывая его уникальные характеристики и потребности. Этот принцип отражает понимание разнообразия в обучении и стремление обеспечить равные возможности для всех.

Современное образование акцентирует внимание не только на усвоении знаний, но и на развитии критического мышления. Учащиеся обучаются анализу информации, принятию обоснованных решений и осознанной социальной ответственности. Эти навыки являются неотъемлемой частью ценностно-ориентированного обучения.

Развитие критического мышления и социальной ответственности представляет собой важный аспект современного образования. Эти навыки не только способствуют успешной учебе, но и готовят учеников к эффективному участию в обществе.

Ученики учатся анализировать различные источники информации, оценивать их достоверность и значимость. Обучение логическому анализу и конструированию аргументов, способствующее формированию критического мышления. Учащиеся учатся применять свои знания в реальных сценариях, что способствует пониманию взаимосвязи между теорией и практикой. Включение проектных задач, где ученики решают реальные проблемы, требующие критического мышления. Учащиеся учатся систематически подходить к решению проблем, учитывая различные факторы и альтернативы. Проведение симуляций и дебатов, где ученики вырабатывают и аргументируют свою точку зрения. Обучение учащихся основам этики и морали, формирование ответственного отношения к своим действиям. Вовлечение в социально-ориентированные проекты, направленные на решение социальных проблем и поддержку местных сообществ. Развитие навыков взаимопонимания, толерантности и уважения к разнообразию культур и мнений. Участие в проектах и обменах, способствующих развитию международного восприятия.

Развитие критического мышления и социальной ответственности помогает ученикам не только стать успешными учащимися, но и гражданами, способными эффективно взаимодействовать в обществе и вносить позитивные изменения в мир вокруг них.

В современном образовании стремятся создать инклюзивную среду, где каждый ученик, независимо от своих особенностей, чувствует себя равноправным членом образовательного процесса. Это способствует формированию уважения к разнообразию и толерантности.

Формирование уважения к разнообразию и толерантности является важной задачей современного образования. Эти ценности способствуют созданию инклюзивной образовательной среды и развитию гражданского общества.

Формирование уважения к разнообразию и толерантности в школьной среде является важным шагом в создании гармоничного общества, где каждый член общества ценится независимо от его культурного, социального или этнического фона. Ценностно-ориентированное образование включает в себя обучение этическим и моральным принципам. Учащиеся изучают ценности, формируют свою систему ценностей и развивают навыки принятия этических решений в сложных ситуациях.

Ценностно-ориентированное образование — это подход к обучению, который придает особое значение формированию ценностей, морали и этических принципов учащихся. Этот подход направлен на развитие не только интеллектуальных навыков, но и формирование характера, ответственности и гражданской активности.

Учащиеся обучаются определению и выражению своих собственных ценностей, что помогает им лучше понимать себя и свое отношение к окружающему миру.

Преподавание основ этики и морали, что помогает учащимся развивать устойчивые нравственные убеждения и принимать обоснованные этические решения.

Включение в учебный процесс тем, связанных с гражданской ответственностью и участием в общественной жизни.

Акцент на развитии личности каждого ученика, учитывая его индивидуальные особенности, таланты и потребности. Развитие у учащихся понимания гражданских обязанностей, стимулирование участия в общественной и политической жизни.

Внедрение ценностей в учебные предметы, чтобы они стали неотъемлемой частью образовательного опыта. Обучение анализу и оценке ценностей, представленных в обществе, с целью развития критического мышления. Ценностно-ориентированное образование направлено на подготовку граждан, способных не только успешно функционировать в обществе, но и вносить положительные изменения, руководствуясь высокими ценностями и этическими стандартами.

Сегодняшнее образование должно быть не только источником знаний, но и площадкой для формирования ценностей у будущих поколений. Индивидуализация, критическое мышление, социальная ответственность, инклюзивность и этические аспекты – вот ключевые компоненты современного образования, ориентированного на ценности.

Вот несколько аспектов, которые подчеркивают, что образование не должно быть только источником знаний:

Развитие навыков:

Образование должно способствовать развитию навыков, таких как критическое мышление, творческое мышление, коммуникация, решение проблем, сотрудничество и другие, которые необходимы для успешной адаптации в быстро меняющемся обществе.

Формирование ценностей и характера:

Образование должно внушать ценности, моральные принципы и развивать их характер. Это способствует формированию ответственных, этических и толерантных граждан.

Способность к самостоятельному обучению:

Образование должно обучать умению самостоятельного обучения, поиска информации и развитию навыков, которые позволяют им продолжать учиться после завершения формального образования.

Готовность к общественной жизни:

Образование должно готовить к активному участию в обществе, развивая у них гражданские и социальные навыки, а также побуждая к участию в общественной и политической деятельности.

МАЗМҰНЫ

- **НУРАЛИЕВА РОЗА МАХАНБЕТОВНА**
- **УАЛИЕВА ГАУХАР ЖАМБЫЛОВНА**
- **БОРАНБАЕВА ГУЛЬЗАТ ДЖУМАТАЕВНА**
- **МУСАЕВА ДИНАРА МЕЙРАМОВНА**
- **ШАХАТОВА АСИЯ АМАНТА**

